

Бекітемін
Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасы Өскемен
қаласы бойынша білім
бөлімінің №1 «Балапан»
балабақша-бөбекжайы
КМҚК директоры
Раимбаева Д.О.

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы
бойынша білім бөлімінің «№1 «Балапан» балабақша-бөбекжайы»
КМҚК Ішкі талдау қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерінің талдамалық анықтамасы**

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№1 «Балапан» балабақша-бөбекжайы» КМҚК директорының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 02.09.2024 жылғы №55/1-ө бұйрығы негізінде 2024 жылдың 02 қыркүйегінен 31 мамыр аралығында Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№1 «Балапан» балабақша-бөбекжайы» КМҚК (бұдан әрі – Мектепке дейінгі ұйым) қызметінде 2024 жылдың қыркүйегі мен 2025 жылдың мамыр аралығындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Балабақша директоры Раимбаева Дина Орыбасаровна 2023 жылдың 28 тамызындағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 11 қарашадағы №553 бұйрығының 18-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№1 «Балапан» балабақша-бөбекжайы» КМҚК директоры лауазымына тағайындалды.

«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығына сәйкес келесі бағыттар бойынша талдау жүргізілді:

**I. Мекеме жұмысын реттейтін нормативтік құқықтық актілердегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында №1 «Балапан» балабақша –бөбекжайы» КМҚК - да мектепке дейінгі ұйымдардың қызмет саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілеріне қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Бөлімшенің қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілерді тексеру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ;

II. Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі мәселелер бойынша жүргізілді:

1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;
2. Мүдделер қақтығысын реттеу;
3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету
4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
5. Балабақшаның ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

1. Персоналды басқару-кадрлардың ауысуы:

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі ішкі тәуекелдерге жүргізілген талдау мектепке дейінгі мекемелерде персоналды басқару ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатынын көрсетті: ҚР Еңбек кодексі, «Білім туралы» ҚР Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы, сондай-ақ өзге де заңдар мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер. Мектепке дейінгі ұйымның жалпы штат саны 112,75 бірлікті құрайды, нақты қызметкерлер саны – 86. Бала күтімі бойынша демалыста жүргендер -14.

2024 жылғы 02 қыркүйектен 2025 жылғы 31 мамырға дейінгі кезеңде 18 адам өз еркімен жұмыстан кетті. Теріс себептер бойынша жұмыстан шығару, лауазымын төмендету, ротация жоқ. Мүдделер қақтығысының болу фактілері жоқ. Кадрлардың орташа жасы - 32 жас.

2025 жылғы 30 мамырға бос жұмыс орындарының саны музыка жетекшісі 0,5 бірлікті құрайды. Бар бос жұмыс орны туралы ашықтықты қамтамасыз ету үшін ай сайын ақпарат Қалалық білім бөліміне және бос жұмыс орны пайда болған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде электрондық еңбек биржасына ұсынылады. Жұмысқа 14 адам қабылданды. Сынақ мерзімі бойынша барлығы өтті. Кадрлардың ауысуы 19% құрайды.

Есепті кезеңде еңбек тәртібін бұзу, еңбек тәртібін қайталап бұзу фактілері жоқ. Талданып отырған кезеңде бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыстық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері анықталған жоқ, мүдделер қақтығысының болу фактілері жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 12-бабының талаптарын сақтау мақсатында лауазымды тұлғалар мен балабақша ұжымымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңымен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды сақтау бойынша шаралар қабылданды. Қызметкерлердің жалпы жиналысының 02.09.2024 ж. шешімімен №1 «Балапан» балабақша – бөбекжайы» КМҚК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты» қабылданды және бекітілді. Әкімшілік мүшелері сыбайлас жемқорлыққа

қарсы шектеулерге қол қойды. Бұл қызмет бабын мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдардың қызметтерін орындауға уәкілеттік берілген адамдардың жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануын шектейді.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:

осы кезеңде қолданыстағы заңнаманы бұзу мәселелері бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері фактілері, қызметкерлердің әрекеттеріне шағымдар түскен жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу:

Мектеп дейінгі ұйымының қызметін зерделеу кезінде мүдделер қақтығысының болуына, кадрлардың ауысу себептеріне, қызметкерлердің жұмыстан босатылуына (лауазымын төмендету), сондай-ақ мекеменің кадр саясатының өзге де мәселелеріне талдау жүргізілді. Жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) жасау фактілері анықталған жоқ. Осы кезеңде қабылданған азаматтық қызметшілердің басшылық құраммен үлестестігі анықталған жоқ.

Ұжым тұрақты жұмыс істейді, қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тыйым салулар мен шектеулер, сондай-ақ бұзушылықтар анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету:

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Тізіліміне сәйкес, №1 «Балапан» балабақша-бөбекжайы» КМҚК мемлекеттік қызметінің 2 түрін көрсетеді. «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметі 2024 жылғы қыркүйектен 2025 жылғы мамырға дейін «balabaqsha.snation.kz» электрондық порталдан жолдаманың негізінде жүзеге асырылды.

«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына сәйкес 2024 жылы 4 педагог өтініш білдірді (педагог-модератор -3 педагогқа берілді). 1 педагог педагогтердің білімін бағалау нәтижесі бойынша шекті баллды жинай алмады.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша бұзушылық-жоқ

Сондай-ақ, қызмет алушылар тарапынан мектепке дейінгі ұйым қызметкерлеріне қызмет көрсету сапасы мен мерзімі бойынша шағымдар *түскен жоқ.*

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттері көрсетілетін қызметті берушілердің стандартқа және нақты көрсету процесіне сәйкес келеді.

МДМ - де мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қосымша құжаттарды талап ету фактілері анықталған жоқ.

4. Рұқсат беру функцияларын орындау

Мектепке дейінгі ұйым рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

5. Балабақшаның ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Қаржы-шаруашылық қызметті тексеру актілері, нәтижелері:

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңына сәйкес 02.09.2024 - 31.05.2025 жылдар аралығында зат сатып алу бойынша 92, қызмет көрсету бойынша 42, жұмыс бойынша 11 Мемлекеттік сатып алу рәсімі өткізілді. БИН 990531350860 «Шарт міндеттерін орындамау» бойынша сотқа берілді, сот шешімі 31.01.2025 жылдан бастап күшіне енді. Шарттар ең төменгі баға бойынша баламалы баға ұсынысы негізінде жасалды.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес кәсіпорынның 02.09.2024 - 31.05.2025 жылдар аралығындағы мемлекеттік сатып алудың жылдық Жоспары интернет-ресурста www.goszakup.gov.kz веб-порталында орналастырылған. Бұзушылықсыз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шараларды одан әрі күшейту, оның тиімділігін арттыру мақсатында:

қызметкерлер мен ата-аналар қоғамдастығы арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша ақпараттық - насихаттау жұмысын жандандыру;


балаларды патриотизмге тәрбиелеу бойынша жұмысты жалғастыру.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ұсынымдары бар талдамалық анықтама сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысына таныстыруға ұсынылады.

Талаптарға сәйкес Шығыс қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№1 «Балапан» балабақша-бөбекжайы» КМҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары №1 «Балапан» балабақшасының интернет – ресурсында орналастырылатын болады.


Жұмыс тобының төрағасы:

Комплаенс-қызметтер функцияларын орындайтын жауапты тұлға



Мухаметкалиева Ш. Б.

Топ мүшелері:



Жапарова С.С.

Сагатбекова Ж. М.

Аналитикалық анықтамамен таныстым:

Директор:

Раймбаева Д. О.

